



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 14,50% дейін төмендету туралы

Астана қ.

2024 жыл, 31 мамыр

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 14,50% дейін 25 базистік тармаққа төмендету туралы шешім қабылдады.

Осы жылдың сәуір айында инфляция болжамдарға сәйкес төмендеді. Инфляцияның орнықты бөлігі баяулағаны байқалды. Бағаның жалпы динамикасына қарамастан, халықтың инфляциялық күтулері су тасқынына және тұрғын үй коммуналдық қызметтер (ТКҚ) реформасының жалғасуына байланысты өсті. Сыртқы инфляциялық жағдай, орталық банктердің тежеу саясаты әсеріне және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы баға динамикасына сәйкес нейтралды қалыпта бағалануда. Экономика ішіндегі проинфляциялық қысым фискалдық ынталандыру, ТКҚ реформасы, орнықты ішкі сұраныс себептерінен сақталып отыр.

Ортамерзімді келешекте 5%-дық инфляция бойынша мақсатқа жету ұзақ уақыт бойы ұстамды қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді қажет етеді. Инфляцияның орнықты бөлігінің тұрақты түрде баяулауы базалық мөлшерлемені бұдан әрі байыппен төмендетуге жағдай жасайды. Қазіргі ақша-кредит шарттары инфляциялық үдерістердің баяулау қарқынын бекітуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға бағытталған.

Жылдық инфляция 2024 жылғы сәуірде 8,7%-ға дейін баяулап, болжам траекториясына сәйкес келеді. Азық-түліктің сыртқы бағасының қолайлы жағдайына байланысты инфляцияның азық-түлік компоненті бойынша елеулі түрде төмендеуі байқалады. Орнықты сұраныс пен тұтынушылық кредиттеудің жеделдеуіне қарамастан азық-түлікке жатпайтын инфляция да баяулап келеді. Ақылы қызметтер құнының өсуі ТКҚ бағасының қымбаттау әсерінен жеделдеді.

Сәуірде айлық инфляция 0,6% деңгейінде қалыптасып, жалпы алғанда орташа тарихи динамикаға (0,6%) сәйкес келеді. Маусымдық факторлар ескерілмеген және базалық инфляция көрсеткіштері екінші ай қатарынан баяулап отыр. Бұл азық-түлік тауарлары бағасының мейлінше төмен өсуіне байланысты. Ал ТБИ-дің азық-түлікке жатпайтын және сервистік компоненттері нысаналы мәннен жоғары болып қалуда.

Инфляциялық күтулер екі ай төмендегеннен кейін өсті. Респонденттердің пікірінше, бұл су тасқыны жағдайынан тамақ өнімдері бағасының өзгеруіне және ТКҚ реформасының жалғасуына байланысты. Бұл орайда қаржы нарығының кәсіби қатысушылары мен кәсіпорындардың инфляциялық күтулері мейлінше тұрақты болып, инфляцияның төмендеу траекториясына және дайын өнім бағасының баяулауына сәйкес өзгеруде.

Сыртқы инфляциялық жағдай нейтралды қалпында бағаланады. Өсімдік майларын қоспағанда, азық-түліктің барлық түрінің әлемдік бағасы жылдық мәнде төмендеп келеді. Сыртқы ақша-кредит шарттары қатаң болып қалуда: ФРЖ да, ЕОБ да әзірге монетарлық шарттарды жеңілдетуге көшкен жоқ және мөлшерлемелерді шектеуші деңгейде ұстап отыр. Қысқамерзімді келешекте Ресей тарапынан сыртқы инфляциялық қысымның біршама күшеюі байқалады. Алайда, Ресей Федерациясы Орталық банкінің қатаң ақша-кредит шарттарын сақтау бойынша ұстанымын ескере отырып, 2025 жылдың соңына қарай мақсатқа оралады деп күтіледі.

ОПЕК+ мұнай өндіруді қысқарту шешімінің ұзартылуына, АҚШ тарапынан мұнай өндірісінің тұрақтануына және Таяу Шығыстағы геосаяси белгісіздікке байланысты **болжамның базалық сценарий** 2024 жылы **Brent маркалы мұнай бағасын** орташа есеппен **бір баррель үшін 85 АҚШ долларына дейін көтере отырып қайта қаралды**. Ортамерзімді келешекте мұнай өндірудің өсуіне қарай және әлемдік экономиканың даму болжамдарын ескере отырып, мұнай бағасының біртіндеп – 2025 жылы орташа есеппен **80 АҚШ долларына дейін** және 2026 жылы **77 АҚШ долларына** дейін төмендейді деп күтіледі. Сонымен қатар сценарийде 2024 жылдың ортасына дейін дәнді дақылдардың әлемдік бағасының қысқамерзімді көтерілуі, кейіннен біртіндеп төмендеуі (ФАО астық бағасының индексі) көзделеді. Осы кезеңде астықтың қымбаттау себептері Бразилия мен Ресейдегі қолайсыз күн райына байланысты.

2024 жылға арналған инфляция болжамы – 7,5-9,5% аралығында, **2025 жылға 5,5-7,5%** шегінде сақталды. **2026 жылы** фискалдық ынталандырудың төмендеуіне және бірқалыпты қатаң ақша-кредит шарттарының толық көрінуіне байланысты инфляция 5% нысанаға жақындап, **5-6%** аралығында қалыптасады. Инфляция болжамының негізгі тәуекелдері бюджеттік саясат параметрлерінің белгісіздігіне, реттелетін бағалар саласындағы реформалардың жалғасуына, тұрақталмаған инфляциялық күтулер жағдайында ішкі сұраныс тарапынан қысымның артуына және геосаяси шиеленіске байланысты. Бұл орайда базалық инфляция жалпы инфляция деңгейінен төмен сақталып, 2025-2026 жылдары 5% деңгейінде қалыптасады.

2024 жылға Қазақстан экономикасының өсу болжамы 3,5-4,5% деңгейінде сақталды. Экономиканың өсуі фискалдық ынталандыруға байланысты тұтынушылық кредиттеудің ұлғаюы, шикізаттық емес сектордағы инвестициялық белсенділіктің артуы және халықтың нақты табысының өсуі есебінен қамтамасыз етіледі. Салықтардың жиналу динамикасы мен бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығының нақты динамикасы ынталандырушы фискалдық саясат тренді сақталғанын көрсетеді. 2025 және 2026 жылдарға арналған болжамдар қайта қаралды. Бұл ТШО-ны кеңейту жобасын іске қосу мерзімін 2025 жылдың екінші жартыжылдығына ауыстыруға байланысты. **2025 жылға күтулер 4,8-5,8%-ға** дейін төмендетіліп, **2026 жылы 4,9-5,9%-ға** дейін ұлғайтылды.

Ортамерзімді келешекте 5%-дық инфляция бойынша мақсатқа жету ұзақ уақыт бойы ұстамды қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді қажет етеді. Инфляцияның орнықты бөлігінің тұрақты түрде баяулауы базалық мөлшерлемені бұдан әрі байыппен төмендету үшін жағдай жасайды. Қазіргі ақша-кредит шарттары инфляциялық үдерістердің баяулау қарқынын бекітуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға бағытталған.

Ұлттық Банк реттелетін бағалар реформасынан болатын тікелей әсерге мөлшерлемені көтерумен жауап бермейді, бірақ қайталама әсерлердің ықпалын мұқият бақылайтын болады.

Болжамның негізгі параметрлері баспасөз релизіне берілген қосымшада келтірілген. Қабылданған шешім мен болжамға түрткі болған факторлар туралы толық ақпарат 2024 жылғы 10 маусымда Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында ¹ Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2024 жылғы 12 шілдеде Астана қаласының уақытымен сағат 12:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 775 210

¹ <https://www.nationalbank.kz/ru/page/obzor-inflyacii-dkp>

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
базалық сценарий бойынша болжамының негізгі параметрлері

	2024	2025	2026
Болжам шарттары			
Brent маркалы мұнай бағасы, бір жылда орта есеппен бір баррель үшін АҚШ доллары	85 (80)	80 (80)	77 (77)
Болжам			
ЖІӨ %, ж/ж	3,5-4,5 (3,5-4,5)	4,8-5,8 (5,5-6,5)	4,9-5,9 (3,5-4,5)
ТБИ %, алд. жылғы желт. қарағанда желт.	7,5-9,5 (7,5-9,5)	5,5-7,5 (5,5-7,5)	5-6 (5-6)
Ағымдағы шот, ЖІӨ-ден %-бен	-2.5 (-3,9)	-1.5 (-1,8)	-1.9 (-2,8)